

Қазақ тілі этнолингвистикасының денін тіліміздегі мағынасы күңгірттенген, тіл иесі сөйлеу процесі кезінде ол сөзді қолданғанымен де мағынасына терең бойлап, жете түсіне бермейтін, немесе қолданыстан шығып, архаизмге айналған сөздер кұрайды. Қазіргі тілімізде қолданыста жүрген кейбір сыңар мағыналы қос сөздердің мағынасыз сыңарының көне тілімізде толық мағыналы жеке сөз екенін, тек тарихтың өтуімен қолданыстан шығып, мағынасы күңгірттеніп немесе толық ұмытылып мағынасыз сөзге айналып қалғанын байқаймыз. Көне жазбалардағы этномадени ләксикаларды дұрыс пайдаланып ізденгенімізде олардың сырын ашуымызға, бүгінгі күннің кәдесіне жаратуымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: Зерттеу және сөздік. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. - 113 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері — Алматы, 2008. 28 б.
3. Гиң Шымин. Көне түрік тілі тас ескерткіштері. - Бейжиң: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2006. - 58,77 б.
4. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. — Алматы: Алматыкітап, 2007. – 208 б.
5. Қазақ әдебиеті тарихы. — Алматы : ҚазАқпарат, 2008. – 196 б.

ӨОЖ 811.512.122

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЛІН ҚАЗАҚШАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескендір Жарас Ертайұлы

jaras.eskendir.98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 1-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Әбдуәлиұлы

Тіл – қатынас құралы ретінде халықпен бірге жасасып келеді, демек ол халықтың ғасырлар бойы жинаған білімі мен білігінің, дүниетанымының айнасы. Әсіресе жаһандану мен даму қарқыны күшейген ХХІ ғасырда қазақ тілінің алдына қойылып отырған талап тым жоғары. Ол – ғылым мен білімнің тіліне айналу міндеті. Әлем елдері ашып жатқан жаңалықтарды баяндау мен бейнелей алу мүмкіндігіне қол жеткізуі маңызды шарт, демек үнемі жетілу мен даму үстінде болуы тиіс. Бір сәтке тыныс алып тоқтамауы қажет, себебі үзіліс жасау оны тым кешеуілдеуге немесе мешеуленуге ұрындыруы мүмкін. Қазіргі кезде әлем назарын аударып отырған ақпараттық техника мен технология тілі олқы тұстарымыздың бірі екенін мойындауымыз керек және оны қалай жетілдірудің жолдарын табу онда да маңызды. Егер оның тілін тауып, ойға алған мақсатымызға жетер болсақ, көп түйінді мәселенің шешіміне қол жеткізер едік, өйткені қоғамның әр мүшесіне қолжетімді ұялы телефонның тілі арқылы қазақ тілінің де мүмкіндігі мен қолдану аясын жетілдіруге болады.

Техникалық, ақпараттық және компьютерлік құрылғылар жылдан-жылға дамып, тұтынушылардың күнделікті тұрмысына еніп, ауқымы кеңейіп жатқаны көпке мәлім. Соның ішіндегі ақпараттық құрылғылардың орны ерекше. Ондай құрылғыларды халық бір-бірімен хат алмасу үшін, керекті ақпаратты тез алу үшін, жұмыс бабында және бос уақытында пайдаланады. Әлемнің дамыған озық елдері ақпараттық құралдарды өздерінің мемлекеттік тілінде тұтынып, қолдану аясын кеңейтуде. Сол себепті, ол құрылғылардың тілін қазақ тіліне аудару мәселесі бүгінде өте өзекті. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке ІТ атымен танымал ұғым) —

қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [1, 456]. Ақпараттық технологиялық құрылғыларға – дербес компьютер, смартфон, смарт сағаттар, теледидар, ойынға арналған құрылғылар, т.б. бағдарламалық, техникалық және ақпараттық құрылғылар жатады. Осы құрылғылардың ішінде басты назар аудартатын құрылғы – дербес компьютер. Дербес компьютер – мемлекеттік органдарда, білім беру салаларында, ғылыми орталықтарда, медицинада, жеке-меншік кәсіпорындарында және т.б. қоғамның көптеген салаларына кең жайылған технологиялық құрылғы. Оны шет тілінде емес, мемлекеттік тілде тұтыну, оған қолайлы жағдай жасау, сол арқылы қазақ тілін әлемдік тілдерге бір табан жақындату мәселесі алдыңғы орынға қойылуы тиіс.

Microsoft Kazakhstan компаниясының бас директоры Гюнтер Дамның 2017 жылдың 2 наурызында өткен «Білім берудегі инновация» халықаралық форумнан кейінгі Казинформ парақшасына берген сұқбатында былай дейді: «Microsoft-тың барлық үш өнімі: Windows, Office және SharePoint – қазақ тіліне локализацияланған болатын. Бірақ соңғы уақытта бұл өнімдердің қазақ тілді нұсқасына сұраныс өте төмен екенін мойындауымыз қажет. Бүгінде бұл көрсеткіш бір пайыздан аз көрсетеді» [2]. Ал Парламент сенатының депутаты Нұртөре Жүсіптің пікірінше, дербес компьютердің жүйесіндегі қазақ тіліне деген сұраныстың төмендігі қазақ тіліндегі негізгі терминдердің заманауи талаптарға сай келмеуі мен түсіну қиындығында және қазақ тілді IT мамандарының жетіспеуінде. Мұндай жағдай мемлекеттік тілдің дамуына кері әсерін тигізуде. Қазақша нұсқасын жасап, оны аударғандардың қазақ тілінің білікті мамандары жасамауы мүмкін. Сол себепті, халық ақпараттық құрылғыларды орыс тілі мен ағылшын тілінде қолданады. zakon.kz сайтында бұл мәселеге байланысты мынадай пікірлер кездеседі: «Ресейде 69% Windows орыс тілінде сатылады. Ал қазақ тілінде 1% болуы түсінікті», «қазақша Windows-ты қазақша техникалық терминдерді ешкім түсінбейтіндіктен қолданбайды», т.б. [3]. Бұдан ақпараттық технология саласында терминдерді әлі де жетілдіре түсуді, А.Байтұрсынұлы ұсынған пән сөздерін алудың негізгі қағидастарын ескерудің қажет екенін көрсетеді. 2008 жылы белгілі ақпараттық технология ғылымдарының зерттеушілері Әлімжан Берікұлы мен Асхын Тұрым арнайы ағылшынша-орысша-қазақша ақпараттық технологиялар сөздігін жасайтын жобаны қолға алған. Олар 1200-ге жуық терминдерді аударған. Сол терминдердің арасынан көптеген латын терминдеріне қазақ тілінің қосымшаларын жалғап, қоғамда жиірек қолданылатын терминдерді аударған деп хабарлайды zakon.kz желісі [4]. Яғни, бұл терминдерді қазақ тілінің мамандары жасамаған. Содан ғылыми техникалық салаларда қазақ тілі артта қалып отыр.


Windows-қа қазақ тілінің енуі бірте-бірте жүзеге асқан. 2003 жылы Қазақстандағы Microsoft компаниясы Windows XP мен Office-2003-тің қазақша нұсқасын ұсынды. Мұндай жұмыс екі жылға жуық уақытты алған. Сол кездегі компанияның генералды директоры Айдар Дәулетовтың айтуынша, жұмыс ақпараттық технология саласында біртұтас терминдердің сөздігінің жоқтығы әсер еткен. Ол терминдердің басым көпшілігін өздері жасауына тура келгенін хабарлайды [5]. Соған қарамастан Microsoft Office-2003 бағдарламасына қазақ тілінің орфографиясын тексеретін модуль енгізілген. 2020 жылдың 3 маусымында Microsoft компаниясының ресми сайты қазақ тілін «Microsoft Translator» тілдерінің арасына қосқанын хабарлайды. Мынадай мысалдармен қазақшасын және оқылуын келтіріп өткен: сәлем-саллем, қалайсыз-қалайхсиз, рақмет- рахмет, жақсы-джакси [6]. Қазақ тілінде мұндай орфоэпияның жоқтығы және үлкен қатемен көрсеткендері айқын.

Windows-ты орыс, қазақ, түрік пен қырғыз тілінде салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын 1-кестеде қарастырдық.


1-кесте. Windows-тың қазақша, орысша, түрікше және қырғызша нұсқаларының салыстырмалы кестесі.

Орысша	Қазақша	Түрікше	Қырғызша
Аудармасын дұрыс көрсеткен			
вид	көрініс	görünüm	Көрүү
сортировка	сұрыптау тәсілі	sıralama ölçütü	Ылғоо
обновить	жаңарту	yenile	Жаңылоо
вставить	қою	yapıştır	Қоюу
освободить место	орын босату	boş alan açın	(орысша)
корзина	себет	geri dönüşüm kutusu	Таштанды кутусу
рабочий стол	жұмыс үстелі	masaüstü	Иш такта
панель управление	басқару тақтасы	denetim masası	Көзөмөлдөө панели
устройства и диски	құрылғылар мен дискілер	cihazlar ve sürücüler	Түзмөктөр жана дисктер
создать	жаңа	yeni	жаңы
свойства	сипаттар	özellikler	касиеттер
Морфологиялық қателіктер			
отменить удаление	жою болдырмау	geri al sil	Алып таштоо ти артка кайтаруу
восстановить прежнюю версию	алдыңғы нұсқаларын қалпына келтіру	önceki sürümleri geri yükle	Мурунку версияларын калыбына келтирүү
Дұрыс аударылмаған сөздер			
поделиться	ортақ пайдалану	paylaş	(орысша)
папка	қалта	klasör	(орысша)
ярлык	таңбаша	kısayol	Тез чакыргыч
персонализация	даралау	kişiselleştir	персоналдаштыруу
переименовать	қайта атау	yeniden adlandır	Атын алмаштыруу
перезагрузка	қайта іске қосу	yeniden başlat	Кайра жүргүзүү
спящий режим	ұйқылық режимге өту	hazırda beklet	Уйку режимине өтүү
заблокировать	күрсаулау	kilitle	бекитүү
быстрый доступ	жылдам қатынау	hızlı erişim	Тез мүмкүндүк алуу
форматировать	пішімдеу	biçimlendir	форматтоо

1-2 суреттерде Windows-тың «Осы ДК» терезесінің орысша және қазақша нұсқалары көрсетілген.



1-сурет. Windows-тың орысша нұсқасы.



2-сурет. Windows-тың қазақша нұсқасы.

Кестеден ақпараттық құрылғылардың тілін, соның ішінде дербес компьютердің тілін қазақ тіліне аудару мәселесінде әлі де толықтыру, қате кемшіліктерін түзету керектігін көрсетеді. 1922 жылы А.Байтұрсынұлы бастаған комиссия пән сөздерді қазақшаландыру үшін мына принциптерді ұстанады: пән сөздерді өз тілімізге аудару, түрік тілдерінен алу немесе өз тіліміздің заңдылықтарына сай игеру. Пән сөздер жайлы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы, сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен» [7,413]. Ақпараттық құрылғылардың тілін қазақшалау үшін, А.Байтұрсынұлының осы принциптерін ескеруіміз қажет. Тілдің осындай өзекті мәселесіне үлкен жоба жасап, бұл жобаға көптеген қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдарды тартып, барлық ақпараттық техникалар тілін қазақшалауға және көпшілікке түсінікті болуына ерекше мән беру керек. Сонда ғана технологиялық жаһандану заманына мемлекеттік тіліміз дайын болып, әлімнің озық елдерімен қатар дами алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын басқарған – А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 бет.
2. https://www.kazinform.asia/ru/v-kazhstane-spros-na-kazahskoyazychnye-windows-office-sostavlyaet-menee-odnogo-procenta-glava-microsoft-kazakhstan_a2243917
3. <https://www.zakon.kz/5063909-za-sutki-eshe-2122-kazahstantsa.html>
4. <https://www.zakon.kz/page,1,9,106122-kazahstanskimi-uchenymi-razrobotan.html>
5. https://expert.ru/kazakhstan/2005/11/11ka-kpov9_56938/

6. <https://www.microsoft.com/ru-ru/translator/blog/2020/06/03/қазақ-тілі-қош-келдің-welcome-kazakh/>
7. А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы, – Алматы: 1992, - 413 бет.

ӘОЖ811.512.122

БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Жаңбыр Мағира

jaqsylyqnuriya@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ш.Құрманбаева

Адамзат ғасырлар бойы білім жинақтап, оны келесі ұрпаққа өткізіп, тәжірибе жүзінде, сынақтар мен қателіктер арқылы белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырды. Бұл құндылықтар адамзат баласы үшін өте маңызды. Өйткені олар ең алдымен адам мәдениетін, содан кейін ғана ел мен қоғамның мәдениетін қалыптастырады. Дегенмен, мұндай құндылықтарда конкреттілік жоқ, олар ережелер жиынтығы да емес, бірақ оларды оны сөзсіз ұстану керек, өмір салтына айналдыру керек. Олар сондай-ақ белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір этникалық дәстүрдің дамуындағы белгілі бір уақыт аралығымен байланысты да емес. Бұл тек қана өркениетті жаңа заман адамын варвардан, яғни, алғашқы қауым адамынан ерекшелетін нәрсе. Әрине, мәдениетке, менталитетке, дінге байланысты – әр адамның құндылығы әр түрлі болуы мүмкін бірақ, жалпыадамзаттық құндылықтар нәсіліне, этносына, тәрбиесіне қарамастан көптеген адамдар үшін түсінікті және ол жоғарыда аталғандардың бәрін біріктіруші құндылық болып саналады.

Қазіргі заманауи, жаңартылған отандық білім беру үдерісінде тұлғалық-белсенділікке және құндылық бағдарға негізделген концепция (тұжырымдама) іс жүзінде жүзеге асырыла бастады. Бұл дидактикалық концепция барлық пәндерге тарай отырып, жеке тұлғаны тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу процесінің ғылыми негіздерін қамтиды. Сонымен қатар білім беру жүйесінің әр түрлі кезеңдерінің жүйелілігі, сабақтастығы мен болашағының қағидаларын ескере отырып, барлық балалардың жалпы жас және жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қарастырады.

Тіл – қай қоғамда болмасын қасиетті ұғым. Ол ұлттың өткен, қазіргі және болашақ жолын көрсетеді. Қазақ тілінің ауқымды әлемі арқылы оқушылар бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіре отырып болашақта жаһандық сын-қатерлерге төтеп бере алатын, келешек мақсат-міндеттерін анық болжай алатын, құндылық бағдарын саналы айқындай алатын, танымы терең, көкірегі ашық, ел патриоты бола алатын білімді, мықты, саналы, еркін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелей аламыз. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлейтін адам ұлттық құндылықтарды да бағалай алады. Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты қазақ тілі мен әдебиетін және басқа да пәндерді оқытудағы жаңа құндылық бағдарлы оқыту концепциясының интеграциялық мәселелері өте маңызды әрі өзекті болып отыр. Өйткені оқулықтардағы идеялар оқушының тілдік санасына сіңіп, өмірлік құндылығына айналуы үшін мектепте өтілетін сабақтар, әсіресе қазақ тілі мен әдебиет сабақтары құндылық бағдарлы жүргізілуі тиіс.

Ұлттық білім берудің соңғы жылдарында құндылық ұғымы қазақ тілімен мәдени - академиялық жағынан біріккен құбылыс ретінде қарастырылып жүр. Сонымен қатар құндылық бағдарлы оқытудың тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін табу және қалыптастыру процесі